

**Павлодар облысының агроөнеркәсіптік кешені саласындағы инновациялық жобаларға іріктеу ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы**

Павлодар облыстық әкімдігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 364/12 қаулысы.  
Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 17 қаңтарда N 3344 тіркелді

*Р Қ А О е с к е р т п е с і :*

*Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 7-бабы 2-тармағының 10-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 14 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің тексерілетін субъектілерге қойылатын талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау құзыреттерін қайта қарау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» № 128-ө өкіміне сәйкес Павлодар облысының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облысының агроөнеркәсіптік кешені саласындағы инновациялық жобаларға іріктеу ұйымдастыру қағидасы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К. Әшімбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Е. Арын*

Павлодар облысы әкімдігінің  
2012 жылғы 20 желтоқсан  
№ 364/12 қаулысымен бекітілді

**Павлодар облысының агроөнеркәсіптік кешені саласындағы инновациялық жобаларға іріктеу ұйымдастыру қағидасы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы, Павлодар облысының агроөнеркәсіптік кешені саласындағы инновациялық жобаларға іріктеу ұйымдастыру қағидасы (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және оларды облыстық бюджет қаражаты есебінен енгізу мен тарату үшін, Павлодар облысының агроөнеркәсіп кешені (бұдан әрі – облыс АӨК) саласындағы инновациялық жобаларға іріктеу ұйымдастырудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) агроөнеркәсіптік кешен – ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы өнімдерін өндіруді, дайындауды, сақтауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді және өткізуді, сондай-ақ тамақ өнеркәсібін, оларды қазіргі заманғы техникамен, технологиялық жабдықпен, ақшамен, ақпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз ететін ілеспе өндірістер мен қызмет салаларын, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, ғылыми қамтамасыз ету мен кадрлар даярлауды қамтитын экономика салаларының жиынтығы;

2) агроөнеркәсіптік кешен субъектілері - агроөнеркәсіптік кешенде қызметін жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

3) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте облыстың АӨК инновациялық тәжірибені тарату және енгізу бойынша бюджеттік бағдарламаға әкімшілік ету жөніндегі функциялар жүктелген Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы;

4) инновация – экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында, экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер технологиялары, техникалық, өндірістік, әкімшілік, коммерциялық сипаттағы ұйымдастырушылық шешімдер, сондай-ақ өзге де қоғамдық пайдасы бар нәтиже түрінде практикалық іске асыруға қол жеткізген жеке және (немесе) заңды тұлғалар қызметінің нәтижесі;

5) инновациялық жоба – технологиялар трансфертіне, жаңа немесе жетілдірілген өндірістер, тауарлар, жұмыстар және қызметтер технологияларын жасауға бағытталған, белгілі бір уақыт мерзімі ішінде іске асырылатын іс-шаралар кешені;

6) инновациялық қызмет субъектілері – экономиканың басым секторларында инновациялық жобаларды іске асыратын не отандық өңделген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ішкі және (немесе) сыртқы нарықтарға жылжыту жөніндегі қызметті іске асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

7) өтінім – инновациялық қызмет субъектілері бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ұсынатын, осы Қағиданың қосымшаларына сәйкес ресімделетін, белгілі нысандағы құжаттар пакеті.

## 2. Инновациялық жобаларды іріктеу шарттары

3. Инновациялық жобаларды іріктеу өтінім берген инновациялық қызмет субъектілері арасында жүзеге асырылады және агроөнеркәсіптік кешеннің мынадай салалық бағыттары бойынша жүргізіледі:

өсімдік шаруашылығы және егіншілік (оның ішінде өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині);  
мал шаруашылығы және ветеринария;  
ауыл шаруашылығын механикаландыру;  
ауылшаруашылық өнімін қайта өңдеу.

4. Аймақ жағдайына қолдануға болатын қолданбалы сипаттағы ғылыми жетістіктерді (әзірленімдерді) енгізу және тарату жұмыстардың келесі түрлерін қамтиды:

ауыл шаруашылығын жүргізудің озық технологиялық әдістері, ауылшаруашылық өнімін өндірудің жетілдірілген үдерістері;

облыстың АӨК жаңа машиналарды және механизмдерді, қазіргі заманғы конструкцияларды немесе техникалық жүйелерді пайдалану (конструкторлық жұмыстар);

ғылыми және инновациялық технологиялардың тәжірибелік үлгілерін (жаңадан жасалған қағидаттық өзгешеліктері бар бірегей моделдерді) пайдалану;  
селекция жетістіктерін қолдану.

5. Келесі іс-шараларды орындау бойынша жұмысты бағалау жүзеге асырылады:

1) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының (бұдан әрі – ҒЗТҚЖ) нәтижелерін өндіріске енгізуді, оның ішінде зерттеулер үшін ғылыми шығыс материалдарын сатып алуды ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу жөнінде кеңес беру қызметтері;

2) облыстың АӨК субъектілерінің немесе ғылыми, тәжірибелік және өзге де аграрлық сала ұйымдарының өндірістік базасында «егістік күндері» ғылыми-практикалық семинар-кеңестер өткізу;

3) ҒЗТҚЖ тәжірибесін және алынған нәтижелерін тарату (тұсау кесер, мақалалар жариялау, брошюралар, буклеттер әзірлеу және шығару бейнематериалдар дайындау).

6. Инновациялық жобаларды енгізу жөніндегі іс-шараларға облыстық бюджеттен бөлінген қаражатты игеру мерзімі Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексінің талаптарына сәйкес белгіленеді және 12 (он екі) айдан аспауы тиіс.

## 3. Инновациялық жобаларды іріктеу тәртібі

7. Инновациялық жобаларды іріктеуді бюджеттік бағдарламаның әкімшісі конкурстық негізде жүргізеді.

## 8. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі:

құрамына облыстың мүдделі жергілікті атқарушы органдарының өкілдерін, тәуелсіз сарапшыларын (келісім бойынша), агрөнөркәсіп кешені саласында қызмет атқаратын мамандар мен облыстық жетекші ғалымдарын (келісім бойынша), Павлодар облысында инновацияларды дамыту және енгізу жөніндегі ғылыми техникалық кеңес мүшелерін (келісім бойынша) енгізе отырып, инновациялық жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады. Комиссияның жұмыс органы бюджеттік бағдарламаның әкімшісі болып табылады;

республикалық маңызы бар мерзімдік басылымда және өзінің интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде, конкурс өткізуге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей конкурс өтетіні туралы хабарландыруды жариялайды.

9. Алдағы конкурс туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

1) конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдау мерзімі және орны;  
2) конкурсқа қатысуға берілетін өтінімге қоса ұсынылатын қажетті құжаттардың тізбесі, оларды ресімдеу талаптары.

10. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға (бұдан әрі - Өтінім беруші) өтінімді бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне жарияланған хабарландыруда белгіленген мерзімде және осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес нысанда береді.

11. Өтінім беруші өтінімге, оның ажыратылмайтын бөлігі ретінде мынадай құжаттарды қоса береді:

1) осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысанда инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын;

2) осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысанда инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына түсіндірме жазбаны;

3) осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысанда инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралардың, Өтінім беруші құрастырған, шығыстар сметасын;

4) аграрлық сипаттағы инновациялық технологияларды енгізу және тарату үшін қажетті ғылыми-техникалық және материалдық-өндірістік базаға құқық белгілейтін құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін немесе жалға беру туралы шартты;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің салықтық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударылымдар бойынша берешегінің жоқтығы туралы, өтінім берілген күннің алдындағы бір айдан ерте емес берілген, тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасын;

6) Өтінім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының, соның ішінде шетелдік банктің, Өтінім берушінің міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша мерзімі өткен берешектерінің жоқ екендігі туралы белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасын. Анықтама өтінім берілген күннің алдындағы бір айдан

артық емес уақытта алынуы тиіс;

7) аграрлық сипаттағы ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық салалардағы жұмыстарды атқаруға Өтінім берушінің біліктілігін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

8) заңды тұлғалар үшін қосымша: құрылтайлық құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері (жарғы, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік), құрылтайлық шарт; соңғы екі жылдағы қаржы есебінің көшірмесі;

9) жеке тұлғалар үшін қосымша: жеке куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі (жеке куәлігінде жеке сәйкестендіру нөмірінің деректері болмаған жағдайда, тіркеу органы берген сәйкестендіру нөмірі бар құжаттың көшірмесі қоса беріледі).

12. Өтінім және қоса берілетін барлық құжаттар нөмірленген, қоса берілген құжаттардың тізбесін көрсете отырып бір папкаға жинақталған, осы Қағиданың және оған қосымшалардың талаптарына сәйкес ресімделген болуы тиіс.

13. Өтінім беруші берілген құжаттардың, бастапқы мәліметтердің, есептеулердің, негіздемелердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

14. Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі өтінімдерді тіркеуді келіп түскен күні жүзеге асырады.

Ұсынылған құжаттар осы Қағиданың талаптарына сай келмейтіні анықталған жағдайда, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ол туралы өтінім иесіне хабарлайды.

Анықталған сәйкессіздіктерді өтінім беруші құжаттарды қабылдау мерзімі өткенге дейін жояды, олай болмаған жағдайда өтінім қабылданбайды.

Осы Қағиданың 11, 12, 13 - тармақтарының талаптарына сәйкес келген өтінімдер Комиссияның қарауына енгізіледі.

15. Комиссияның отырысы өтінімдерді қабылдау аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей белгіленуі тиіс.

16. Комиссия өтінімдердің инновациялық жобаларды іріктеудің мынадай критерийлеріне сәйкестігін тексереді:

1) жобаның инновациялық бағыттылығы, практикалық іске асырылымдығы, облыстың АӨК енгізу және пайдалану деңгейі және мүмкіндігі;

2) облыстың АӨК дамытудың басым бағыттарына сәйкестігі;

3) инновациялық жобаның қаражатын игеру бойынша нақты тұжырымдалған ұсыныстың болуы және инновациялық жобаны облыстың АӨК енгізу болашағы;

4) инновациялық жобаны енгізуден болатын технологиялық тәуекелдерді облыстың АӨК нақты субъектісінің жағдайында енгізу үдерістерін авторлардың (келісім бойынша) жеке сүйемелдеуі арқылы мейлінше азайту;

5) инновациялық жобаны енгізуге қажетті жабдықтың, инфрақұрылымның, білікті

кадрлардың, жұмыс тәжірибесінің және ресурстардың болуы;

б) инновациялық жобаның экономикалық мақсатқа лайықтылығы.

17. Комиссия өтінімдерді қарау қорытындылары бойынша инновациялық жобалардың іріктеу критерийлеріне сәйкестігі және(немесе) сәйкес еместігі және оларды облыстық бюджет қаражаты есебінен енгізу және тарату қажеттілігі туралы шешім қабылдайды, шешім Комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді.

18. Комиссия отырыстары оның құрамының жалпы санының екіден үш бөлігі қатысса заңды деп есептеледі. Комиссияның шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және егер оған Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең түскен жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Егер Комиссия мүшелерінің бірі қабылданған шешіммен келіспесе және хаттамаға қол қоймаса, ол өзінің келіспеу себептерін жазбаша түрде баяндайды, ол Комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

19. Инновациялық жоба инновациялық жобаларды іріктеудің белгіленген критерийлеріне сәйкес келмеген жағдайда, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі қаржыландырудан бас тарту туралы шешімді, шешім қабылданған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде, өтінім берушіге жолдайды.

20. Конкурстың қорытындылары бойынша инновациялық жобаны қаржыландыру туралы шешім қабылданған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде бюджеттік бағдарламаның әкімшісі конкурстың жеңімпазымен осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес үлгіде Инновациялық жобаны енгізу жөнінде шарт (бұдан әрі - Шарт) жасасады және Шартта көзделген тәртіппен қаржыландыруды жүзеге асырады.

П а в л о д а р о б л ы с ы н ы ң  
а г р о ө н е р к ә с і п к е ш е н і с а л а с ы н д а ғ ы  
и н н о в а ц и я л ы қ ж о б а л а р ғ а і р і к т е у  
ұ й ы м д а с т ы р у қ а ғ и д а с ы н а  
1-қосымша

## Өтінім нысаны

1	2	3
1	Тіркеу нөмірі және күні (бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметкерлері толтырады)	
2	Инновациялық жобаның атауы	
3	Өңірдің агроөнеркәсіптік кешенінде инновациялық тәжірибені енгізу және тарату саласы (кіші саласы)	
4		

	Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралардың қысқаша сипаттамасы ( жобаның негізгі мақсаттарын және мәнін, жоба нәтижелерінің нақты қолданылуын, осыған ұқсас жобаларды іске асыруға қатысу тәжірибесін көрсету)	
5	Жобаның ұзақтығы (айлар бойынша)	
6	Жобаның басталу және аяқталу күні	
7	Сұратылған қаражат сомасы (теңге)	
8	Өтінім берушінің (занды тұлғалар үшін) атауы, мекенжайы, телефоны/факсы, электрондық поштасының мекенжайы)	
9	Өтінім берушінің байланысатын тұлғасының (жеке тұлғалар үшін) Т.А.Ә., мекенжайы, телефоны, электрондық поштасы	
10	Инновациялық жобаның жетекшісі (аты, тегі және лауазымы, телефоны/факсы, электрондық поштасы көрсетіледі)	
11	Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыруға қатысатын агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің атауы, мекенжайы, телефоны/факсы, электрондық поштасының мекенжайы	

**П а в л о д а р о б л ы с ы н ы ң**  
**агроөнеркәсіп кешені саласындағы**  
**инновациялық жобаларға іріктеу**  
**ұйымдастыру қағидасына**  
**2-қосымша**

**Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі**  
**іс-шаралар жоспары нысаны (атауын көрсету)**

Қызмет түрлері	Күтілетін нәтижелер (1 жыл)			
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1				
2				

Қызмет түрлері	Күтілетін нәтижелер (2 жыл)			
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан
1				
2				

**П а в л о д а р о б л ы с ы н ы ң**  
**агроөнеркәсіп кешені саласындағы**  
**инновациялық жобаларға іріктеу**  
**ұйымдастыру қағидасына**  
**3-қосымша**

## **Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына түсіндірме жазба нысаны**

1. Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралардың атаулары.

2. Іс-шараларды іске асыру орны: елді мекен.

3. Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралардың мақсаты және міндеттері.

4. Өтінім беруші инновациялық қызмет субъектісінің және инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларға қатысушы агроөнеркәсіп кешені субъектілерінің қысқаша сипаттамасы:

Өтінім берушінің толық атауы;

Өтінім беруші - инновациялық қызмет субъектісі және инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларға қатысушы агроөнеркәсіп кешені субъектілері қызметінің сипаттамасы;

басты мамандар, олар орындайтын қызметтердің түрлері (түйіндемесі және біліктілігін растайтын құжаттар қоса беріліп).

5. Өндірістің осы буынындағы проблемаларды, іс-шаралар қандай проблемаларды шешуге бағытталғанын көрсете отырып, инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларды негіздеу. Іс-шараларды іске асырудың маңыздылығы мен қажеттілігін, олардың өңір агроөнеркәсіп кешенінің технологиялық даму деңгейіне және еңбек өнімділігіне ықпалын сипаттау.

6. Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру аясында көрсетілетін негізгі қызметтер тізбесі, олардың сипаттамасы, өндірісте қолдану үшін, жобаны орындау барысында сынақтан өткізіп, көрсету үшін ұсынылатын нақты шешімдер және технологиялар, нақты шаруашылық, аудан және облыс экономикасы үшін практикалық мәнін бағалау. Әр қызметтің мақсатын, мазмұнын, ұзақтығын, күтілетін нәтижелерін, ресурстардың қажеттілігін, оның ішінде инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға қатысушы агроөнеркәсіп кешені субъектісінің базасында ғылыми әзірленімдерді (технологияларды) енгізу және тарату бойынша ғылыми-зерттеу әдіснамасын көрсету қажет.

7. Нәтижелілік: инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асыру нәтижелерінің сан мен сапа көрсеткіштері. Көрсеткіштерде агроөнеркәсіптік кешен субъектілері мен облыс экономикасының еңбек өнімділігін және өндіріс тиімділігін жақсартуға ықпалын бағалай отырып, жоспарланған нәтижелер туралы ақпарат қамтылуы тиіс.

Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асырудың экономикалық пайдаларын бұрын қолданылған технологиялармен салыстырып көрсету, облыстың аграрлық өнеркәсіп кешенін дамыту, аграрлық нарықтағы ахуал тұрғысынан іс-шараның мақсаттылығын негіздеу қажет.

8. Экологиялық бағалауда ұсынылып отырған технологиялардың қоршаған ортаға



және облыстың табиғат ресурстарына ықпалын бағалау болуы тиіс (оң ықпал, ықпалсыз немесе кері ықпал). Кері ықпал болған жағдайда, мұндай ықпалдың зардабын азайту үшін қандай әрекеттер қолданылатынын көрсету қажет.

9. Тәуекелдер: инновациялық жобаны енгізу жөніндегі Іс-шаралар жоспарын табыспен аяқтау үшін негізгі тәуекелдер және сол тәуекелдерден өту жөніндегі шаралар.

10. Жобаның тіршілікке қабілеттілігі: инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларға қатысушы агроөнеркәсіп кешені субъектілері өндірісінің қаржыландыру аяқталғаннан кейінгі тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қабылданатын шараларды сипаттау қажет.

П а в л о д а р о б л ы с ы н ы ң  
агроөнеркәсіп кешені саласындағы  
инновациялық жобаларға іріктеу  
ұйымдастыру қағидасына  
4-қосымша

### Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралардың шығыстар сметасы нысаны (атауын көрсету керек)

мың теңге

№	Шығыстардың баптары *	Өлш. бірл.	Бағасы	Құны	оның ішінде айлар бойынша											
					1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
1.	Еңбекақы															
1.1.																
1.2.																
2.	Іссапар шығыстары															
2.1.																
2.2.																
3.	Тікелей шығыстар															
3.1.																
3.2.																
4.	Үстеме шығыстар															
Жиыны:																

\* инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларды іске асырудың әрбір жылына бөлек көрсетіледі

П а в л о д а р о б л ы с ы н ы ң  
агроөнеркәсіп кешені саласындағы

## **Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі ШАРТ нысаны**

2012 ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ атынан, Қағида негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бір тараптан, және бұдан әрі Орындаушы деп аталатын, \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ екінші тараптан, Инновациялық жобаларды іріктеу жөніндегі комиссияның 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ №\_\_ шешімін басшылыққа ала отырып, инновациялық жобаны енгізу жөніндегі осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және мынадай келісімге келді:

### **1. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

1.1 Тапсырыс беруші 019 «Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды жүргізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес атқарылатын агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық жобаны енгізу жөнінде тапсырма береді, ал Орындаушы оны енгізу жөнінде өзіне міндеттеме қабылдайды.

Бағдарлама атауы:

Бағыты:

Тақырыбы:

1.2. Орындаушы \_\_\_\_\_ әзірлеген және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып саналатын \_\_\_\_\_ инновациялық жобаға сәйкес \_\_\_\_\_ инновациялық жобасын енгізу және тарату бойынша қызметті мынадай шаруашылықтардың өндірістік жағдайларында атқаруға міндеттенеді:

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

3) \_\_\_\_\_

1.3. Орындаушының 201\_\_ жыл ішінде қызмет көрсету мерзімі.

1.4. Тапсырыс беруші мен Орындаушының арасында көрсетілген қызмет актісіне қол қойылғаннан кейін қызмет көрсетілді деп саналады.

## **2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

2.1. Орындаушы:

2.1.1. Қызметті \_\_\_\_\_ инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес тиісінше сапалы атқаруға;

2.1.2. Қызметті осы Шарттың 1.3-тармағында көрсетілген мерзімде толық көлемде көрсетуге;

2.1.3. Егер қызмет көрсету барысында Орындаушы осы Шарттың талаптарынан ауытқуға жол берген болса барлық айқындалған кемшіліктерді Тапсырыс берушінің талабы бойынша тегін түзетуге;

2.1.4. Орындаушы осы Шарттың 1.3-тармағында көрсетілген мерзімде көрсетілген қызметтер туралы толық қорытынды есептер беруге міндетті.

2.2. Тапсырыс беруші:

2.2.1. Орындаушы көрсететін қызметтің барысы мен сапасын оның қызметіне араласпай тексеруге;

2.2.2. Көрсеткен қызметтердің актісіне қол қойылғанға дейін Тапсырыс берушінің Шартты орындаудан бас тартуы туралы хабарламаны алғанға дейін Орындаушы көрсеткен қызметтердің бір бөлігіне тең белгіленген бағаны төлей отырып, кез келген уақытта Шарттың талаптарын орындаудан бас тартуға құқылы.

## **3. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТАҚЫ ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ**

3.1. Шарттың жалпы сомасы барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып, қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындардың құнын қоса \_\_\_\_\_ теңге (жазбаша) құрайды.

3.2. Орындаушының қызмет ақысын Тапсырыс беруші мынадай тәртіппен төлейді:

Тапсырыс беруші шарт сомасының 30 % көлеміндегі соманы алдын ала, осы шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген сәттен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде төлейді;

Келесі төлем ай сайын, нақты көрсетілген қызметтер бойынша, орындаушы ұсынған көрсетілген қызметтерге шот-фактура мен қабылдау актісі негізінде аванс толық өтелгеннен кейін, есептік айдан кейінгі айдың 15-не дейінгі мерзімде жүргізіледі.

3.3. Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шараларды жергілікті бюджеттен қаржыландыру облыстың АӨК-де инновациялық технологияларды міндетті енгізу жағдайында осы Шартпен белгіленген мерзім ішінде жүргізіледі.

3.4. Инновациялық жобаны қаржыландыруға облыстық бюджеттен бөлінген қаражат оның мақсатты бағытына және белгіленген тәртіппен бекітілген шығыстар сметасына қатаң сәйкес пайдаланылуы тиіс.

Инновациялық жобаның мақсатты пайдаланылмаған қаражаты 15 күнтізбелік күн ішінде облыстық бюджетке қайтарылуы тиіс.

3.5. Орындаушы өзінде талапқа сай бухгалтерлік есеп және көрсетілген қызметтердің нақты құнына оның кезеңдері бойынша талдау жүргізілуін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

## **4. ҚЫЗМЕТТІ ТАПСЫРУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ**

4.1. Орындаушы Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындаудың кезеңдерінде ресімдеп беруге тиісті болған ғылыми-техникалық және өзге де құжаттаманы бере отырып, Тапсырыс берушіге инновациялық жобаны енгізу және тарату бойынша көрсетілген қызметтері туралы тоқсан сайын осы Шарттың 2-қосымшасына сәйкес үлгіде есептік кезеңнен кейінгі айдың 15-не дейінгі мерзімде аралық есеп беруге міндеттенеді.

4.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарт орындалып біткеннен кейін \_\_\_\_\_ жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей инновациялық жобаны тарату және енгізу бойынша көрсетілген қызметтер туралы осы Шарттың 2-қосымшасына сәйкес үлгіде жылдық қорытынды есеп беруге міндеттенеді.

4.3. Орындаушы Тапсырыс берушіге көрсетілген қызметтердің актісін \_\_\_\_\_ жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірмей береді.

4.4. Қызметтер мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда, Тапсырыс беруші мерзімінен бұрын қызметтерді қабылдауға және еңбекақы төлеуге құқылы.

4.5. Егер қызмет көрсету барысында кері нәтиже алынатындығы немесе қызметтерді бұдан әрі көрсетуді жалғастыру қисынсыз екені анықталса, Орындаушы қызметті тоқтатқаннан кейін 5 күн мерзім ішінде Тапсырыс берушіге хабарлап, инновациялық тәжірибені енізуді тоқтатуға міндетті.

Мұндай жағдайда тараптар қызмет көрсетуді жалғастырудың қисындылығы мен бағыттары туралы мәселені талқылап қарауға міндетті.

## **5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

5.1. Шартта көзделген міндеттер орындалмаған жағдайда тараптар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайлар мен тәртіпке сәйкес жауапты болады.

5.2. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, Орындаушының ұсынған қызметтеріне байланысты Келісімшартқа ешқандай толықтырулар немесе өзгерістер енгізуге рұқсат етілмейді.

5.3. Белгіленген уақытта жұмыс орындалмаған жағдайда Орындаушы бюджетке мерзімінен кешіктірілген әрбір күнтізбелік күні үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

## **6. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

6.1. Осы Шарт Орындаушы тарапынан тәртіп бұзылғаны анықталған жағдайда кез келген кезеңінде бұзылуы мүмкін. Мұндай жағдайларда, екі тарап көрсетілген қызметтер актісіне қол қойғаннан кейін Тапсырыс беруші Орындаушыға нақты көрсетілген қызметтер үшін соманы төлейді.

6.2. Тапсырыс беруші мен Орындаушы Шарт бойынша немесе оған байланысты барлық келіспеушілік пен дауларды тікелей келіссөздер жүргізу барысында шешу үшін барлық күшқайратын жұмсауы тиіс.

6.3. Егер тараптар осындай келіссөздер жүргізу басталған күннен кейін 21 күн ішінде Шарт жөніндегі өзара дауды шеше алмаса, тараптардың әрқайсысы бұл мәселенің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуін талап етуге құқылы.

## **7. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ**

7.1. Осы Шарт оны Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркегеннен кейін күшіне енеді және 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін қолданыста болады.

## **8. ӨЗГЕ ДЕ ТАЛАПТАР**

8.1. Шарт мемлекеттік және (немесе) ресми тілінде жасалады.

8.2. Осы шарт 2 дана болып жасалды. 2 дананың өзара айырмашылығы жоқ және күші бірейді.

8.3. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа қандай да бір мәлімдемені хат, жеделхат, телекс немесе факс арқылы жолдайды, кейін түпнұсқасы беріледі.

8.4. Форс-мажорлық жағдайларды қоспағанда, Орындаушы шартта көзделген мерзімде қызметтерді ұсына алмаса, бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Шарт шеңберіндегі өзінің құқығына нұқсан келтірместен мерзімнен тыс әрбір күнтізбелік күн үшін шарт құнының 0,1% көлемінде тұрақсыздық айыбының қосымша сомасы ретінде шарт бағасынан ұстап қала алады.

8.5. Егер Шартты орындаудың кешеуілдетілуі форс-мажорлық жағдайлардың салдарынан болса, оның талаптарының орындалмағаны үшін Өтінім беруші тұрақсыздық айыбының төленуі немесе шарттың бұзылуы үшін жауапты болмайды.

8.6. Осы шарттың мақсаттарына арналған «форс-мажор» деген сөздер Орындаушы

тарапынан бақылау мүмкіндігінен айырған, алдын-ала болжауға болмайтын және Орындаушының қателігіне немесе салдыр-салақтығына қатысы жоқ сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс жағдайы, табиғаттағы және стихиялық апаттар, оба, карантин және Қызметтерді көрсетуге эмбаргоны қамтуы мүмкін, алайда барлық жағдайлар мұндайлармен де шектелмейді.

8.7. Форс-мажорлық жағдайға тап болғанда, Орындаушы мұндай жағдайлар мен оның себебі туралы Тапсырыс берішіге дереу жазбаша түрде хабарлауы тиіс. Егер Тапсырыс берішіден басқадай жазбаша нұсқаулық келмесе, Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемесін атқаруды мүмкіндікке қарай одан әрі жалғастырады және Шартты орындаудың форс-мажорлық жағдайға қатысы жоқ тиімді жолдарын іздестіреді.

## 9. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:	Орындаушы:
М.О.	М.О.

Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі  
201\_\_ ж. \_\_\_\_\_ № \_\_ Шартқа  
1-қосымша

### 201\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_ ШАРТ БОЙЫНША № \_\_ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕР АКТІСІ НЫСАНЫ

201\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Біз, төменде қол қоюшылар, \_\_\_\_\_ Қағида негізінде әрекет ететін Тапсырыс беруші, \_\_\_\_\_ тұлғасында бір тараптан, және \_\_\_\_\_ Жарғы негізінде әрекет ететін Орындаушы \_\_\_\_\_, бірінші басшы \_\_\_\_\_ тұлғасында екінші тараптан, осы Актімен, инновациялық жобаны енгізу жөнінде \_\_\_\_\_ № \_\_ шартқа сәйкес, Тапсырыс беруші 019 «Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша мынадай қызметтерді \_\_\_\_\_ қабылдағанын \_\_\_\_\_ растаймыз:

- а \_\_\_\_\_ )
- б \_\_\_\_\_ )
- в \_\_\_\_\_ )

Барлық салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса есептегенде көрсетілген қызметтердің құны \_\_\_\_\_

құрайды

(Сомасы санмен және жазбаша, валютаның атауы)

Қызметтер сапалы көрсетілді (орындалды) және Шарттың талаптарына сәйкес келеді. Тараптардың бір-біріне қояр кінәлары жоқ.

МО \_\_\_\_\_ ТАЖ МО \_\_\_\_\_ ТАЖ

Инновациялық жобаны енгізу жөніндегі

201\_ ж. \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ Шартқа

2-қосымша

### Аралық және қорытынды есептің нысаны\*

Есеп түрі	
Есеп беру күні	
Өтінім берушінің атауы	
Шарттың нөмірі және күні	
Қаржыландыру мақсаты	
Қаржыландыру сомасы	
Есептілік кезеңі	
Қол жеткізілген нәтижелер	
Қорғау құжатының атауы (бар болған жағдайда)	
Қорғау құжатының нөмірі және берілген күні (бар болған жағдайда)	

### Инновациялық жобаны енгізу бойынша қол жеткізілген нәтижелер

№	Серіктестің атауы	Шарттың атауы	Шарттың нөмірі және күні	Шарттың сомасы	Шарттың мерзімі	Төлем шарттары

### Инновациялық жобаның нәтижелерін әрі қарай тарату бойынша іс-шаралар

№	Әлеуетті серіктестің атауы	Іс-шаралар	Болжамды шығын сомасы	Шарт жасасудың болжамды мерзімдері

### Инновациялық жобаның нәтижелерін енгізудің нақты нысаны және көлемдері\*

№	Енгізу нысаны	Енгізу көлемдері (мың теңге)		
		1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл

1	Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жаңа өндірісін ұйымдастыру және/немесе жаңа түрлерін енгізу			
2	Жаңа агротехнологияны және/немесе қызметті енгізуді ұйымдастыру			
3	Жаңа технологиялық жабдықтарды ұйымдастыру			
4	Агротехнологияларды енгізудің басқа да нысандары			

\* қаржыландыру ерекшеліктеріне қарай толтырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК